

**Батыс Қазақстан облысы бойынша Экология
департаментінің 2021 жылдың және 2022 жылдың 1
тоқсанында экологиялық реттеу бөлігі бойынша
атқарған жұмыстары туралы**

ҚР 2021 жылғы 2 қаңтардағы №400-VI ҚРЗ жаңа Экология кодексі (бұдан әрі - Кодекс) қолданысқа енгізілгенге дейін Батыс Қазақстан облысы бойынша Экология департаменті (бұдан әрі – Департамент) мемлекеттік қызметтің 2 түрін көрсетіп келді, атап айтқанда: I санаттағы объектілер үшін қоршаған ортаға эмиссияға рұқсат беру және I санаттағы объектілер үшін мемлекеттік экологиялық сараптама қорытындысын беру.

Кодекс және оны іске асыру үшін қабылданған нормативтік-құқықтық актілер негізінде қазіргі уақытта Департамент келесі мемлекеттік қызметтерді көрсетеді:

- I санаттағы объектілер үшін әсер етуге арналған экологиялық рұқсат беру;
- Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган жүзеге асыратын мемлекеттік экологиялық сараптама қорытындыларын беру;
- Қоршаған ортаға әсерді бағалау нәтижелері бойынша қорытынды беру;
- Қоршаған ортаға әсерді бағалаудың қамту саласын және (немесе) көзделіп отырған қызметтің әсер ету скринингін айқындау туралы қорытынды беру.

Мемлекеттік қызметтерді көрсету электрондық форматта жүзеге асырылады және Кодекстің және Қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік қызметтерді көрсету қағидаларының талаптарына сәйкес жүргізіледі.

2021 жылы қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсат беру бойынша көрсетілетін мемлекеттік қызмет бойынша: 12 өтінім қаралды; 12 рұқсат берілді; 5 рұқсат жойылды.

Департаментке 2021 жылы 65 жобалау алдындағы құжаттамалар және жобалар қаралуға түсті. Есепті жылдың басында 2020-шы жылдан қарастырылуға қалған құжаттардың саны – 8. Қарастырылуға түскен жобалық құжаттамалардың барлығы – 73 дана.

Сараптамаға келіп түскен 73 құжат (оның ішінде, «Мемлекеттік экологиялық сараптама қорытындысын қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсатпен бір мезгілде беру» композиттік қызметі бойынша 27 құжат) бойынша 57 қорытынды (композиттік бойынша – 19) берілді, оның ішінде: келісімделгені – 49 (композиттік бойынша – 15), келісім берілмегені – 8 (композиттік бойынша – 4).

ҚР Экологиялық кодексінің 50 бабының 3 тармағына сәйкес мемлекеттік экологиялық сараптамаға түскен 29 жоба материалдары бойынша ескертулер мен ұсыныстар берілді. Сонымен қатар, алдын ала сараптама кезінде 5 жобалық құжаттама кері қайтарылды.

Есептік кезеңде Департаментке қоршаған ортаға әсерді бағалаудың қамту саласын және (немесе) көзделіп отырған қызметтің әсер ету скринингін айқындау туралы қорытындылар беруге 123 өтініш келіп түсті, оның ішінде 86 өтініш келесі себептермен қараусыз қайтарылды: 55 өтініш түзетуге жіберілді; 6 өтініш ЭРБК-не жіберу үшін қайтарылды; 25 өтініш оңайлатылған тәртіп бойынша экологиялық бағалау жүргізу үшін қайтарылды.

25 өтінішке қоршаған ортаға әсерді бағалаудың қамту саласын және (немесе) көзделіп отырған қызметтің әсер ету скринингін айқындау туралы қорытындылар берілді.

